

---

Сәулет-құрылыс факультеті  
«Дизайн және инженерлік графика» кафедрасы

**БЕКІТЕМІН**  
Қабылдау комиссияның төрағасы,  
ректор  
  
Е.Б. Сыдықов  
« 02 » 2019 ж.

**«7M021 – Өнер» дайындау бағыты, «7M043-Сән, интерьер дизайн және  
өндірістік дизайн» білім беру бағдарламасын даярлау бағытының  
«7M02121–Дизайн» білім беру бағдарламасы бойынша  
«Дизайн жобалау- клаузура»  
шығармашылық қабылдау емтиханының  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Нұр-Сұлтан, 2019 ж.

---

**Әзірлеушілер:**

«Дизайн және инженерлік графика»  
кафедрасының  
менгерушісі, т.ғ.д., профессор

 А.К.Байдабеков

«Дизайн және инженерлік графика»  
кафедрасының доценті, п. ғ.к.

 Ж.М.Садыкова

«Дизайн және инженерлік графика»  
кафедрасының доценті, п. ғ.к.

 К.К.Бегімбай

Сәулет-құрылыс факультетінің ОӘК-де қарастырылып, бекітуге ұсынылды.  
«11» 04 2019 ж., хаттама № 9

ОӘК төрағасы


 Н.З.Ахметова

Факультет деканы

 С.К.Баймаханов

Келісілді:

бірінші проректор, оқу ісі жөніндегі проректор

 А.А. Молдажанова

## Мазмұны

1. Жалпы ереже.....	4
2. Шығармашылық емтихан өткізудің тәртібі.....	4
3. Бағалау талаптары.....	5
4. Емтихандық тапсырманың тақырыптары.....	6

## **1. Жалпы ереже**

Бұл бағдарлама «Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанындағы № 600 бұйрығы.

Шығармашылық емтихан өткізу үміткедің «Дизайн» білім беру бағдарламасын игеруге деген қабілеті мен бейімділігін анықтауға бағытталған.

### **Шығармашылық емтиханның мақсаты:**

- дизайн-жобалау саласында кешенді талдау мен мәселені шешуде үміткерлердің қабілетін анықтау;
- өзіндік жобалық, дизайнерлік және ғылыми қызметте үміткерлердің кәсіби дайындық дағдыларын анықтау.

### **Шығармашылық емтихан міндеттері:**

- үміткердің шығармашылық әлеуетін бағалау;
- коммуникациялық салада жазбаша және ауызша білімді, дағдыларды және қабілеттерді анықтау;
- білім беру бағдарламасына түсудің және университетте білім алуды аяқтаған соң білім бағдарламасы бойынша жұмыс істеуге деген ұмтылысын анықтау.

## **2. Шығармашылық емтихан өткізудің тәртібі**

Шығармашылық емтихан тапсыру үшін үміткерлердің өтініштерін қабылдау 3 шілдеден 25 шілдеге дейін жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан 8 тамыздан 16 тамызға дейін өткізіледі.

"7M02121–Дизайн" білім беру бағдарламасына түсетін тұлғалар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

«Дизайн жобалау - клаузура» шығармашылық емтихандарын өткізу үшін төраға басшылығымен пәндік комиссия құрылады, комиссия мүшелерін Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры бекітеді.

Пәндік комиссия төрағаны қоса алғанда тақ саннан тұрады. Егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, комиссияның шешімі заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылардың көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Емтихан комиссиясының құрамы тиісті бейін бойынша доктор немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар кафедраның профессор-оқытушылар құрамынан құрылады және Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Пән комиссиясы үміткерлерді қабылдау кезінде жылына бір рет жұмыс істейді.

Шығармашылық емтихандардың басында комиссияға негізгі құжаттардан басқа, бар болған жағдайда, үміткер портфолио бере алады, оған үміткердің грамоталары, алғыс хаттары, мақтау қағаздары, сертификаттар, авторлық суреттер

мен суреттер, фотосуреттер және үміткердің шығармашылық және кәсіби жұмысына қатысты басқа да материалдар кіреді.

Шығармашылық емтиханның кестесін, өткізу күнін, уақыты мен орнын, кеңесті қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және үміткерлердің назарына құжаттарды қабылдау басталғанға дейін кешіктірілмей жеткізіледі.

Аудиторияға өткізу, үміткерге шығармашылық емтиханға рұқсат беру жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады. Шығармашылық емтихан басталғанға дейін үміткерлерге емтихан тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны, апелляцияға беру рәсімі түсіндіріледі.

Шығармашылық емтиханда сәулет және графикалық дизайн профилі немесе сәулет және бейнелеу өнері сияқты ұқсас шығармашылық мамандықтар бойынша магистратураның білім беру бағдарламасы шеңберінде берілген тақырыпқа концептуалды жобаның форэскиз нысанында клаузураны әзірлеу қарастырылған.

Клаузураны орындау үшін бөлінген уақыт – 3 сағат 30 минут, ұсынылатын материалдардың форматы-А2, орындау техникасы-жобалық эскиздеу.

Жобалық тапсырманы орындау үшін қажетті материалдар – қарындаштар, суда еритін бояулар (акварель, гуашь, акрил), тушь, линнерлер, маркерлер және басқа да көркемдеу материалдары.

Үміткер дәлелсіз себептермен емтиханға кешіккен жағдайда, үміткер емтиханға жіберілмейді. Егер үміткер емтиханға дәлелді себеппен кешіксе, онда ол емтиханға жіберіледі және басқа үміткерлермен бір уақытта тапсырады.

Клаузура А2 форматындағы парақта орындалады. Клаузураны орындау уақыты 9.00-ден 12.30-ға дейін. Клаузура техникасы - еркін. Жобада:

- компановка;
- түс шешімі;
- ерекшелігі;
- тақырып сәйкестігі;
- жобаның техникалық шешімдері;
- орындау техникасы;
- жобаны ұсыну дизайны және т.б. шешімдері бағаланады.

Үміткердің емтихан тапсырмаларын тексеруді комиссия мүшелері жүзеге асырады.

Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалар ведомостімен, комиссия хаттамасымен рәсімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына комиссияның төрағасы және қатысып отырған барлық мүшелері қол қояды. Шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады. Апелляция қажет болған жағдайда, келесі күні өткізіледі.

### **3. Бағалау талаптары:**

Дизайн жобалау - клаузура бағалағанда комиссия мүшелері келесі критерийлерді басшылыққа алады:

Шығармашылық емтиханнан 16 баллдан төмен алған немесе емтиханға келмей қалған үміткер бұл білім бағдарламасы бойынша оқуға түсуге жіберілмейді.

Комиссия презентацияға қорытынды бағаны ортақ шешіммен келісіп қояды, қажет болған жағдайда ерекше ескертпелерді белгілейді.

Ауызша презентацияға қойылатын ең жоғары балл – 35 балл.

### **Шығармашылық емтихан қорытындысы бойынша бағалаудың жалпы критерийлері:**

Үміткердің жауабы барлық талаптарға толық көлемде сәйкес келген жағдайда, ақылға қонымды және дәйекті, сауатты және логикалық түрде клаузураны жасасаған болса; клаузураны әзірлеу кезінде визуалды коммуникацияны, қаріптерді, компоновканы, түсін сауатты қолданса және креативті тәсілдер қолданса, орындау техникасы жақсы болса, демек, өз тақырыбын толық ашса "Өте жақсы" – 30-35 балл қойылады;

Үміткердің жауабы толық аша алмаған, немесе компоновкасында немесе түстік шешімдері онша жақсы шықпаса, бірақ клаузураны толық орындаған болса, орындау техникасы жақсы болса "Жақсы" – 25-29 балл қойылады;

Тақырыпты ашқан, бірақ компоновкасы, түс шешімі, техникасы нашар болса, үміткерге "Қанағаттанарлық" – 17-24 балл қойылады;

"Қанағаттанарлықсыз" – 0-16 балл комиссия мүшелерінің пікірі бойынша "қанағаттанарлықсыз" деп клаузураны орындай алмаған, техникасы жоқ, компоновка мен тұстануды түсінбейтін үміткерге қойылады.

#### **4. Емтихандық тапсырманың тақырыптары:**

1. «Сән салоны дизайн-концепциясы» тақырыбында клаузура орындау. Формат А2, түрлі көркем материалдар.

2. «Балалар ойын-сауық орталығының дизайн-концепциясы» тақырыбында клаузура орындау. Формат А2, түрлі көркем материалдар.

3. «Демалыс орталығы дизайны» тақырыбында клаузура орындау. Формат А2, түрлі көркем материалдар.

4. «Саябақ зонасы дизайны» тақырыбында клаузура орындау. Формат А2, түрлі көркем материалдар.

5. «Жеке тұрғын үй ландшафты дизайны» тақырыбында клаузура орындау. Формат А2, түрлі көркем материалдар.

6. «Жағалаудағы демалыс зонасы дизайны» тақырыбында клаузура орындау. Формат А2, түрлі көркем материалдар.

7. «Автономды үй дизайны» тақырыбында клаузура орындау. Формат А2, түрлі көркем материалдар.

8. «Сауда-ойын-сауық орталығы дизайны» тақырыбында клаузура орындау. Формат А2, түрлі көркем материалдар.

9. «Спорттық орталық дизайны» тақырыбында клаузура орындау. Формат А2, түрлі көркем материалдар.

10. «Тұрғын орта интерьерінің дизайны» тақырыбында клаузура орындау. Формат А2, түрлі көркем материалдар.

11. «Кәсіпкерлік орталық дизайны» тақырыбында клаузура орындау. Формат А2, түрлі көркем материалдар.

12. «Қала сыртындағы үй дизайны» тақырыбында клаузура орындау. Формат А2, түрлі көркем материалдар.

13. «Қоғамдық ғимарат дизайны» тақырыбында клаузура орындау. Формат А2, түрлі көркем материалдар.

14. «Мәдени орталық дизайны» тақырыбында клаузура орындау. Формат А2, түрлі көркем материалдар.

15. «Этникалық стильдегі ғимараттың дизайны» тақырыбында клаузура орындау. Формат А2, түрлі көркем материалдар.